



МҰНАЙЛЫ

№16 (1155)
28 сәуір 2026 жыл

ГАЗЕТ 2007 ЖЫЛДЫҢ 14 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

■ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ВОКЗАЛ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

МАҢҒЫСТАУ СТАНСАСЫ АУМАҒЫНДА ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. АТАЛҒАН ЖОБА ӨҢІРДІҢ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАРДЫҢ БІРІ.



Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нұржан Келбұғанов өңірімізге жасаған жұмыс сапары барысында сол құрылыс алаңына барып, жобаның жүзеге асу бағытымен танысты. Астанадан келген шенеунікке мердігер ұйым өкілдері мен жауапты мамандар атқарылып жатқан жұмыстардың қазіргі жағдайы жөнінде есеп берді.

Жоба аясында вокзал ғимаратының аумағы айтарлықтай ұлғаяды: бұрынғы 764 шаршыметрден 8899 шаршыметрге дейін кеңейтіледі. Нәтижесінде, тәуліктік жолаушылар өткізу қабілеті 2800 адамға дейін артады. Бұл өз кезегінде жолаушыларға сапалы әрі ыңғайлы қызмет көрсетуге жол ашады. Жаңа вокзал заманауи инженерлік жүйелермен жабдықталып, кең күту залдары, сервистік аймақтар мен қосымша инфрақұрылым нысандары қарастырылады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандар мен қозғалысы шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударылмақ.

Тексеру қорытындысы бойынша Нұржан Келбұғанов құрылыс жұмыстарының сапасына баса мән беріп, нысанды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Оның айтуынша, бұл жоба тек жолаушыларға қолайлы жағдай жасап қана қоймай, бүкіл өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, Маңғыстау вокзалының жаңғыртылуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды қадам болмақ.

■ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКПЕН ТОЛЫҒУДА

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК» КӨГАЛДАНДЫРУ НАУҚАНЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ. БҰЛ ИГІ БАСТАМА ӨҢІРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ЖАҚСАРТУҒА БАҒЫТТАЛЫП, АУДАН АУМАҒЫН ЖАСЫЛДАНДЫРУҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІ. НАУҚАН БАРЫСЫНДА ЖАЛПЫ САНЫ 1350 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛЫП, ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ КӨРКІН КЕЛТІРУГЕ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ОРТАНЫ ЖАҢҒЫРТУҒА НАҚТЫ ҚАДАМ ЖАСАЛДЫ.

Ауқымды шараға аудан әкімі Қанат Құлжанов арнайы қатысып, көпшілікпен бірге көшет отырғызды. Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Чапай Әбілов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Дулат Шамшадинов, мемлекеттік мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері белсенділік танытты. Әрбір қатысушы табиғатты қорғау ісіне өз үлесін қосып, ортақ іске жұмыла кірісті.

Жалпы алғанда, науқанға 600-ге жуық адам тартылып, жұмыстарды тиімді әрі жедел жүргізу үшін 5 арнайы техника жұмылдырылды. Көшеттерді отырғызу барысында агротехникалық талаптар сақталып, ағаштардың дұрыс жерінуіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл өз кезегінде отырғызылған жасыл желектің ұзақ уақыт бойы өсіп-өркендеуіне мүмкіндік береді.

Аталған экологиялық бастаманың басты мақсаты – ауданның табиғи келбетін жақсарту, жасыл аймақтардың көлемін ұлғайту және тұрғындар арасында қоршаған ортаға деген жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Осындай игі шаралар арқылы қоғамда табиғатты аялау, оны қорғау және келешек ұрпаққа таза күйінде жеткізу құндылықтары кеңінен насихатталуда.

«Жасыл желек» науқаны – тек бір күндік акция емес, бұл – тұрақты түрде жалғасатын маңызды экологиялық қозғалыстың бір бөлігі. Алдағы уақытта да аудан көлемінде осындай бастамалар жалғасын тауып, өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіле бермек.



Ту-Бері АБЫЛАЙ.

■ ФЕСТИВАЛЬ

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ӨНЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰШТАСТЫРҒАН «ҚҰРАҚ ПЕН ШАШАҚ ҮНДЕСТІГІ» ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ. ФЕСТИВАЛЬГЕ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКІПР-ТҮКІПІРІНЕН 24 ШЕБЕР ҚАТЫСТЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ, СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН, АҚМОЛА, АТЫРАУ, БАТЫС ҚАЗАҚСТАН, АҚТӨБЕ, ҚЫЗЫЛОРДА ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ШЕБЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ.

ҚҰРАҚ ПЕН ШАШАҚ ҮНДЕСТІГІ I ОРЫНДЫ БАҒЫНДЫРДЫ

Екі күнге созылған ауқымды шарада 13 құрақ, 11 шашақ шебері бақ сынады. Аталған шара 2018 жылдан бері жалғасып келеді. Фестивальге қатысып, құрақ пен шашақ өнерінің қыр-сырын меңгере отырып, кәсіпке айналдырған қыз-келіншектер мен аналардың бұйымдары бірінен-бірі өтеді.

Төл өнерді заманауи стильмен ұштастырған мұнайлылық шебер, Қызылтөбе ауылдық мәдениет үйінің директоры Гүлмира Лесбайқызы да қолөнер шеберлерінің



қатарынан табылды. Өзінің ерекше талғамы мен шеберлігінің арқасында өз қолынан шыққан әрбір шаңырақтың төріне ілінетін «Құтты босаға», «Алтын босаға» бұйымдары, ата-ананың арманы ұлды уяға, қызды қияға қондырып, ұрпақ жалғастығын көру қуанышында көпшілікке таратылатын «Сырғалым», «Беташар», «Қыз жасауы», «Базарлық» сынды жиынтықтары, сонымен қатар, алқа, сырга, білезік, белбеулер, төрт өрім, үш түйін, екі түйін және құстандай өрімдерімен өрілген бұйымдарымен ерекшеленді. Гүлмира 11 шашақ шеберінің арасынан топ жарып, жүлделі I-орынды иеленіп, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Жиырмадан аса шебердің бас қосқан байқауында жүлделі орынға ие болған жерлесіміз Гүлмира Лесбайқызының қолынан шыққан жұмыстары ұлттық нақышымен, түстердің үйлесімділігімен және нәзік талғамымен ерекшеленді. Шашақтың әсем өрілуі мен адам өмірге келгеннен бастап барлық отбасылық қуанышты күндер мен тойларда берілетін тойбастар, тойшашу жиынтықтарында қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық құндылығы көбірек насихатталады.

«Бұл тек менің ғана емес, ұлттық өнерді қадірлейтін барша жанның жеңісі деп білемін. Жалпы ұлттық қолөнермен айналысып, шашақ жасап бастағаным 5 жылдан асты, бұл менің күнделікті жұмыстан кейінгі жұмысым. Бұл шеберлік маған анамнан дарыған. Шашақ жасап, оның әдемілігін көріп отырып, өмірдің күнделікті қым-қуыт тіршілігінен шаршап келгенде, жаным рахат табады. Осы фестиваль барысында бірнеше жаңа туындыларымның тұсауы кесілді. Байқауға ұсынған авторлық жиынтықтарым адамның өмірге келген күнінен бастап, бүкіл өмір жолындағы отбасылық той-мерекелеріне арналған, яғни қазақтың өмір сүру салтындағы жүріп өтер жолын ұлттық бұйыммен әсемдей отырып, салт-дәстүрді жатық сөйлетеді. Осындай байқаулар көбейіп, жастарымыз ата-бабадан келе жатқан ұлттық мұраны ұмытпай, әрі қарай дамытса екен», – деп қуанышымен бөлісті.

Аталған жетістік – ауданымыздың мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі. Ұлттық өнердің өркендеуіне үлес қосып жүрген шеберлердің еңбегі әрдайым жоғары бағаланып, қолдау таба беретіні сөзсіз.

ДИНА ӨТЕПБЕРГЕНОВА.



■ 23 сәуір – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

БҮГІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕ ЖАСТАН КІТАПҚА ҚЫЗЫҒУ-ШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИГІ БАСТАМАЛАР КЕҢІНЕН ҚОЛҒА АЛЫНА БАСТАДЫ. ОСЫНДАЙ МАЗМҰНДЫ ШАРАЛАРДЫҢ БІРІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНДА ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. №8 «АЛТЫН САҚА» БАЛАБАҚШАСЫНДА БҮЛДІРШІНДЕРГЕ АРНАЛҒАН ШАҒЫН КІТАПХАНА АШЫЛЫП, ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР ЖАҢА КЕҢІСТІК ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ.



Жаңа кітап бұрышы балалардың оқу мәдениетін қалыптастыруға, олардың ой-өрісін кеңейтуге және рухани дамуына ықпал етуді мақсат етеді. Салтанатты ашылу рәсімінде кітапхананың лентасын балабақша директоры Мариям

Титанова мен тәрбиеленуші Аманғали Әмірдің әжесі Гүләршын Жылқыбаева қиды. Іс-шара барысында балалар өлең оқып, «Кітап» биін орындап, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Шағын кітапхана қорында 200-ге жуық балаларға



арналған әдебиеттер жинақталған. Оның ішінде ертегілер, танымдық және тәрбиелік мазмұндағы кітаптар бар. Бұл басылымдар бүлдіршіндердің жас ерекшелігіне сай таңдалып, олардың қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Айта кету керек, кітапхананың ашылуы қарсаңында балабақшада онкүндік іс-шаралары ұйымдастырылып, балалар кітапханаға, мектепке экскурсия жасап, кітап әлемімен жақынырақ танысқан. Кітапхана мамандары да арнайы келіп, түрлі көрмелер өткізіп, мазмұнды кездесулер ұйымдастырған.

Мұндай бастамалар жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға да жол ашады.

Ту-Бегі АБЫЛАЙ

КІТАП ОҚЫҒАН ҰЛТ ОЗАДЫ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН КҮНТІЗБЕ БОЙЫНША ӨТКЕН ШАРАҒА АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Ч.ӨБІЛОВ, ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Р.ШАМУХАНОВ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Е.ҚҰЛИ ҚАТЫСЫП, ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ СӨЙЛЕДІ. КЕШ БАРЫСЫНДА КІТАПХАНА САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ Г.ЕРМЕКОВА, Ә.ТҮРСЫНҒАЛИЕВА, С.НҰРТАЗАЕВА ЖӘНЕ Л.ЖАКИПОВА СЫНДЫ МАМАНДАР АРНАЙЫ МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛДЫ.



Мереке аясында аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Бір кітап – бір ұжым» байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың негізгі мақсаты – қазақ және әлем әдебиетін насихаттау, оқырман мәдениетін қалыптастыру және ұлттық рухани мұраға деген сүйіспеншілікті арттыру. Былғы дода республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» дилогиясына арналды.

Сайысқа аудандағы №3, №4, №6, №12, №13, №14, №17, №18 және №21 мектептердің педагогтері қатысты. Олар үш кезең бойынша бақ сынасты:

«Сұрақ – жауап»: шығарма мазмұны мен терминдері бойынша қуиз-сынақ, «Мен осы кітапты оқуға кеңес беремін» тақырыбында кітапты жарнамалау үшін

жасанды интеллект (AI) құралдарын пайдаланып бейнетспалар дайындап, «Өнерлінің өрісі кең» кезеңінде роман желісі бойынша сахналық қойылымдар қойылып, монолог оқылды.

Байқаудың әділ бағасын белгілі мәдениет, әдебиет және кітапхана саласының білікті мамандарынан құралған қазылар алқасы берді. Шара соңында бас жүлдені №12 мектеп, 1-орын №13 мектеп-гимназиясы, 2-орын №18 мектеп, 3-орын №3 мектеп ұжымдары иеленді. Қалған ұжымдар арнайы номинациялар бойынша марапатталды.

Кітапхана басшысы өткен мәдени іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына қолдау көрсетіп, демеушілік танытқан «Кюси Холдинг» компаниясына, «Ауыл» партиясына, «Кітап» дүкеніне ерекше ризашылығын жеткізді.

– Сіздердің қолдауларыңыз мәдениеттің дамуына қосылған зор үлес деп білемін, – деді кітапхана директоры Еңлік Ергалиева. Сонымен қатар, өткізілген іс-шараларға белсенді қатысып, әрдайым қолдау көрсетіп жүрген аудандық ардагерлер ұйымы, аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық білім бөлімі, Ф.Оңғарсынова атындағы аудандық орталық мәдениет үйі және Басқұдық ауылдық мәдениет үйі ұжымдарына ерекше ризашылығын білдірді.

Осындай бірлескен еңбектің арқасында рухани іс-шараларымыз мазмұнды әрі мәнді өткені куәланды. Алдағы уақытта да бірлесе жұмыс жасап, мәдениетімізді бірге дамытуға сенім білдіреміз.

Ұлажан ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ,
аудандық кітапхананың дамыту бөлімінің меңгерушісі.

■ ЗАҢ

ҚОҒАМ МЕН ПОЛИЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ДИАЛОГ — ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

25 СӘУІРДЕ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНДА ЖЕРГІЛІКТИ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ТҮРҒЫНДАР АРАСЫНДА МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ, ПОЛИЦИЯ ПОДПОЛКОВНИГІ Н.МАХМУТОВ, МАҢҒЫСТАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ, СОНДАЙ-АҚ БӨЛІМНІҢ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Кездесудің басты мақсаты — халықпен тікелей байланыс орна-тып, өңірдегі өзекті мәселелерді бірлесіп талқылау және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейту болды. Жиын барысында бірқатар маңызды тақырыптар қозғалды. Атап айтқанда, соңғы уақытта жиілеп кеткен мал ұрлығының алдын алу жолдары мен бұл бағыттағы тұрғындардың пікірі тыңдалды. Сонымен қатар, интернет-алаяқтықтың алдын алу, есірткі қылмысына қарсы күрес, ұрлықтың алдын алу шаралары кеңінен талқыланды.

Отбасы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесіне де ерекше назар аударылды. Құқық қорғау органдары мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қоғам болып бірігіп әрекет ету қажеттігін атап өтті.

Жасөспірімдердің қауіпсіздігі де күн тәртібінен тыс қалған жоқ. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, олардың мопед, скутер және автокөлік басқаруына жол бермеу мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, түнгі уақытта (23:00–06:00 аралығы) жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз көшеде жүруіне жол бермеу қажеттігі ескертілді.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, полиция қызметкерлерінен нақты жауаптар мен пайдалы кеңестер алды. Ашық форматта өткен бұл жүздесу өзара сенімді нығайтуға және халық пен полиция арасындағы байланысты жақсартуға мүмкіндік берді.

Мамандардың айтуынша, осындай кездесулер құқық бұзушылықтың алдын алуға маңызды рөл атқарады. Қоғам мен полицияның бірлескен жұмысы ғана өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құқықтық тәртіпті нығайтуға негіз болмақ.

Райса КАЛУБАЕВА,
аудандық полиция бөлімінің қызметкері, полиция капитаны.

■ ҚОЛДАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ 2026 ЖЫЛҒЫ «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ КОНКУРСЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ОРАЙ БРИФИНГ ӨТТІ.

Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров, конкурстық комиссия мүшесі Гайни Есембекова және 2025 жылғы грант иегері Айжан Әмірбаева қатысты.

Жиында 2021 жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен шығармашыл жастарды қолдау мақсатында жыл сайын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бөлініп келетіні атап өтілді.

2026 жылы республикалық деңгейде әрқайсысы 3 млн. теңгеден 30 грант беріледі.

Грантка Қазақстан Республикасының 14 пен 35 жас аралығындағы (34 жасты қоса алғанда) азаматтары үміткер бола алады.

Грант конкурстық негізде келесі 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін беріледі:

«Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған; «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға, ұлттық дәстүр мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

«Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

«Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

«Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;

«Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 2026 жылғы 21 сәуірден 21 маусым аралығында (21 маусым күні сағат 24:00-ге дейін) қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және немерсе) орыс тілдерінде:

Конкурстық өтінім: <https://forms.gle/8Edm9PwoqZQuw287>

2-қосымша сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (PDF форматы);

Жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация;

3-қосымша сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (PDF форматы);

Зияткерлік меншік туралы мәлімет (бар болса, PDF форматы);

Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).

Анықтама үшін байланыс телефондары:

8 (7172) 74-12-78, 8 777-114-66-82

E-mail: t.urpaqarty2026@gmail.com

(жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін)


ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына өтінім қабылдау басталды

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МЕКТЕПТЕ

«АЙКЫН НӘТИЖЕ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨНІРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. БҰЛ БАСТАМА – ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМДАРДЫҢ БІРІ.



Осы жоба шеңберінде ауданда нақты нәтижелерге бағытталған кешенді шаралар қолға алынды. Атап айтқанда, Мұнайлы аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Н.Махмұтов Маңғыстау облысының прокуроры Серікқали Жанбыбекұлының төрағалығымен өткен жиында, құқықтық тәртіпті күшейту, профилактикалық жұмыстарды жетілдіру және заманауи технологияларды енгізу мәселелері кеңінен талқыланды.

Жиын қорытындысы бойынша аудан аумағындағы білім беру мекемелерінде қауіпсіздік жүйелерін жаңғырту туралы нақты тапсырмалар берілді. Соның нәтижесінде Атамекен ауылдық округінде орналасқан №12 ектепте жасанды интеллект технологияларына негізделген бейнебақылау жүйесі пилоттық режимде іске қосылды. Бұл – білім беру саласында цифрлық қауіпсіздік құралдарын енгізудің жарқын үлгісі.

Аталған жүйе тек бейнежазба жүргізумен шектелмей, интеллектуалды талдау мүмкіндіктеріне ие. Яғни, ол күдікті әрекеттерді, тәртіп бұзушылық белгілерді, төтенше жағдайларды автоматты түрде анықтап жауапты тұлғаларға жедел хабарлама жіберуге қабілетті. Бұл өз кезегінде құқықбұзушылықтың алдын алуға, оларды дер кезінде тоқтатуға және жағдайды толық бақылауға ұстауға мүмкіндік береді.

Жобаны тиімді әрі сапалы іске асыру мақсатында аудан әкімінің арнайы өкімімен көпсалалы жұмыс тобы құрылды. Бұл топтың құрамына құқық қорғау органдарының, жергілікті атқарушы биліктің және білім беру саласының білікті мамандары енгізілді. Атап айтқанда, аудан

прокурорының орынбасары, прокуратура қызметкерлері, аудандық полиция бөлімінің бастығы, аудан әкімінің орынбасары, учаскелік полиция инспекторы, аудандық білім бөлімінің басшысы, мектеп директоры мен мектеп психологі бірлесіп жұмыс жүргізуде. Мұндай кешенді тәсіл жобаның тиімділігін арттырып, әрбір бағыт бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда пилоттық жоба аясында орнатылған бір жасанды интеллект камерасы мектеп аумағындағы 39 бейнебақылау құрылғысымен біріктіріліп, бірыңғай серверлік жүйеге қосылған. Бұл барлық бейнебақылау камералары орталықтандырылған түрде сақталуы, өңделуі және талдануына қамтамасыз етеді. Нәтижесінде мектеп аумағындағы әрбір жағдай толық бақылауда болып, кез келген құқықбұзушылық әрекетке жедел әрекет ету мүмкіндігі артады.

«Айқын нәтиже» жобасы – заманауи технологияларды тиімді пайдалану арқылы қауіпсіз ортаны қалыптастыруға бағытталған озық бастама. Мұндай жобаларды кеңінен енгізу білім беру мекемелеріндегі тәртіпті күшейтіп қана қоймай, оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың сенімін арттыруға ықпал етеді. Болашақта бұл тәжірибе өзге де білім беру ұйымдарында жалғасын табады деп күтілуде.

■ БІЛІМ

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

АУДАНДАҒЫ БІЛІМ САЛАСЫ ТАҒЫ БІР ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚПЕН ТОЛЫҚТЫ. АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ҚАШЫҚТЫҚ ФОРМАТТА ӨТКЕН «МАМАНДЫҚТАР ӨЛЕМІН АШАМЫЗ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМДА АУДАН НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН ОҚУШЫ ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ.



Ауқымды байқауға еліміздің әр өңірінен жиналған дарынды жастар қатысып, өз білімдері мен қабілеттерін сыңға салды. Осындай бәсекесі жоғары долада жерлесіміз де лайықты нәтиже көрсете білді. Атап айтқанда, Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 мектептің 10-сынып оқушысы Инжу Қоскуат жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі ІІІ орынды иеленіп, аудан мерейін үстем етті.

Білім алушының жетістіктері – жүйелі еңбектің, ұстаз бен мектеп қолдауының нәтижесі. Оқушыға білім алуға барлық жағдай

жасалған, мектеп әкімшілігі тарапынан тұрақты қолдау көрсетіліп келеді. Білім ордасының директоры Жамал Спанқызы дарынды жастарды дамытуға ерекше көңіл бөліп, оқушылардың қабілетін шыңдауға бағытталған жұмыстарды үнемі назарда ұстайды. Осындай қолайлы орта мен жүйелі жұмыстың нәтижесінде Инжу Қоскуат түрлі деңгейдегі байқауларда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде.

2025-2026 оқу жылында ол жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде құқық негіздері пәнінен жүлделі ІІІ орын иеленді.

Сонымен қатар, Астана қаласында өткен «Мамандықтар әлемін ашамыз» шығармашылық форумының республикалық кезеңінде де үздік нәтиже көрсетіп, ІІІ орынға қол жеткізді.

Сондай-ақ 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде ІІІ орын иеленіп, өзінің ғылыми ізденіске бейімділігін дәлелдеді.

Оқушының осындай жетістіктерге жетуіне жетекшісі Істлеу Гүльминұрдың еңбегі зор. Ұстаздың бағыт-бағдары мен кәсіби қолдауы шәкірттің білім көкжиегін кеңейтіп, табысқа жетелеуде маңызды рөл атқаруда.

«Қоскуат Инжу – тәртібімен, жауапкершілігімен, ізгілікті мінезімен ерекшеленетін, болашағына үлкен үміт күттіретін дарынды оқушы. Осындай білімді де тәрбиелі ұрпақ – ел болашағының жарқын кепілі. Ол білімге құштар, тәртіпті, ізденімпаз жас. Сапалы білім мен саналы тәрбиені қатар ұштастырып отырған, жан-жақты оқушы, мектеп мақтанышы» – дейді жетекшісі.

Жалпы республикалық деңгейдегі форумға барлығы 180 оқушы қатысқан. Ал Маңғыстау өңірінен 9 оқушы бақ сынап, олардың екеуі үздіктер қатарынан көрінді.

Жасөспірімдердің кәсіби бағдарын айқындауға бағытталған бұл форум олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай байқаулар өңір оқушыларының білім деңгейін арттырып, республикалық деңгейде тәжірибе алмасуына жол ашады.

■ ӨЗЕКТІ

ПОЛИГОН ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ БАЯНДЫ АУЫЛЫ АУМАҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАР ПОЛИГОНЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРАЛҒАН БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАР МЕН ЖАЗБАЛАР ҚОҒАМДА АЛАҢДАУШЫЛЫҚ ТУҒЫЗДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПТЫ МЕКЕМЕЛЕР РЕСМИ ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРДІ.



Мамандардың мәліметінше, аталған нысан – қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны. Мұнда қалдықтарды орналастыру мен жинақтау белгіленген санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Дегенмен, жеңіл фракциялы қалдықтардың (плёнка, қағаз және өзге де тұрмыстық материалдар) іргелес аумақтарға таралуы кей жағдайда табиғи және технологиялық факторларға байланысты орын алуы мүмкін.

2026 жылғы 18 сәуірде полигон аумағында және оған жақын учаскелерде жоспарлы сенбілік ұйымдастырылып, санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде аумақ толықтай ретке келтірілген болатын. Алайда екі күннен кейін, яғни 20 сәуір күні сағат 17:45 шамасында полигон маңында өрт тіркеліп, жағдай қайта күрделенген. Оқиға болған сәттен бастап өртті сөндіру жұмыстары жедел түрде қолға алынды. Тілсіз жауды ауыздықтауға 20-ға жуық арнайы техника жұмылдырылып, тиісті қызметтер күшейтілген режимде жұмыс атқарды.

Өртті сөндіру барысында және желдің күшеюіне байланысты жеңіл қалдықтар негізгі аумақтан тыс жерлерге ұшып, қазіргі көріністің қалыптасуына себеп болған. Жауапты тарап өкілдері бұл жағдайдың уақытша сипатқа қандай жағдай және полигонды күтіп-ұстауда жүйелі кемшілік жоқ екенін атап өтті. Қазіргі таңда аумақты тазарту бойынша жедел жұмыстар

ұйымдастырылып, арнайы техника мен тиісті қызметтер жұмылдырылды. Тазалық жұмыстары күшейтілген режимде жүргізіліп жатыр.

Мамандардың айтуынша, тазарту жұмыстары жақын күндері толық аяқталып, аумақтың санитарлық жағдайы қалпына келтіріледі. Сонымен қатар, атқарылған жұмыстардың нәтижесі бойынша қосымша фотоесеп ұсынылады. Жалпы жағдай жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

АУДАНДАҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕТІН ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА. ОСЫ МАҚСАТТА МАҢҒЫСТАУ АУЫЛЫНДА АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АУЫЛ АУМАҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КВАЗИ-МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН АРНАЙЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Жиынның негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік қызмет саласындағы әдеп нормаларын түсіндіру және оның алдын алу шараларын күшейту болды. Кездесу ашық форматта өтіп, қатысушыларға құқықтық түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілді.

Іс-шараға Маңғыстау ауылы әкімінің орынбасары Ж.Үйсенов және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Ж.Құрманов қатысты. Олар қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін зияны, оның алдын алу тетіктері, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін сақтау маңыздылығы жөнінде жан-жақты ақпарат берді.



Жиын барысында мамандар сыбайлас жемқорлықтың тек заң бұзушылық қана емес, қоғамдағы сенімге, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне кері әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар, әрбір мемлекеттік қызметші өз іс-әрекетінде ашықтық пен адалдық қағидаларын берік ұстануы тиіс екені ерекше айтылды.

Қатысушылар тарапынан да түрлі сұрақтар қойылып, нақты жағдайларға байланысты пікір алмасу жүргізілді. Мамандар әрбір сұраққа жан-жақты жауап беріп, тәжірибеде жиі кездесетін жағдайлар бойынша түсіндірме берді. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – тек ақпарат беру емес, сонымен қатар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыру екені айтылды.

Жалпы, Маңғыстау ауылында өткен бұл кездесу – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда ашықтық пен әділдік қағидаларын нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«545 GROUP» ЖШС Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы аумағында «48 км» кен орнында құм-қиыршық тас өндіру тау-кен жобасына әзірленген әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (КОКБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ.

Әсер ету аумағы – Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр а.о., Батыр ауылы (с.ш. 43°41'34 в.д. 51°12'17)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 1 маусымда сағат 16:00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр а.о., Батыр ауылы, Емір ш.а., 6 көше, 44Б ғимаратында өтеді. Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRc3crQWpndz09&omn=85453787264>

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды jJfwV1.

Бастамашысы: «545 GROUP» ЖШС, 130600, ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды а.о., Баянды ауылы, Достық көшесі, №19/2, 240440036360, Айтымова Камиляш Маратовна, 87753582266, kzconstruction24@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе к., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99-пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның

<https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-munayli?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, g.tulembet@mangystau.gov.kz, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1 ғимарат мекенжайы бойынша қабылдайды.

ТОО «545 GROUP» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Пакет документов для получения Экологического разрешения на воздействие: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Проект Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Проект Программы управления отходами (ПУО); Проект Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси месторождения «48 км» в Мунайлинском районе, Мангистауской области.

Территория воздействия – село Батыр, с.о. Батыр, Мунайлинском районе, Мангистауской области (с.ш. 43°41'34 в.д. 51°12'17)

Общественные слушания

состоятся 1 июня 2026 года в 16:00 по адресу: Мангистауский область, Мунайлинский район, с.о. Батыр, село Батыр, Емір м-н, 6-я улица, 44Б.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRc3crQWpndz09&omn=85453787264>

Идентификатор конференции: 401 430 4885 Код доступа: jJfwV1.

Инициатор: ТОО «545 GROUP», 130600, Республика Казахстан, Мангистауская область, Мунайлинский район, Баяндынский с.о., с.Баянды, улица Достык, дом №19/2, 240440036360, Айтымова Камиляш Маратовна, 87753582266, Kzconstruction24@mail.ru

Реквизиты разработчика проектных документаций: ТОО «Projects World ECO Group», БИН

160340009675, РК, г.Ақтөбе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-munayli?lang=ru>

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», g.tulembet@mangystau.gov.kz, по адресу: Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, город Ақтау, 14 микрорайон, 1 здание

«545 GROUP» ЖШС Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы аумағында «48 км» кен орнында құм-қиыршық тас өндіру тау-кен жобасына «Қоршаған ортаға әлеуетті әсер туралы есеп» тақырыбына ашық жиналыс арқылы ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ.

Әсер ету аумағы – Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр а.о., Батыр ауылы (с.ш. 43°41'34 в.д. 51°12'17)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 1 маусымда сағат 15:00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр а.о., Батыр ауылы, Емір ш.а., 6-көше, 44Б ғимаратында өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRc3crQWpndz09&omn=85031683856>

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды jJfwV1.

Бастамашысы: «545 GROUP» ЖШС, 130600, ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды а.о., Баянды ауылы, Достық көшесі, №19/2, 240440036360, Айтымова Камиляш Маратовна, 87753582266, kzconstruction24@mail.ru

ТОО «545 GROUP» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему «Отчет о возможных воздействиях» к Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси месторождения «48 км» в Мунайлинском районе, Мангистауской области.

Территория воздействия – село Батыр, с.о. Батыр, Мунайлинском районе, Мангистауской области (с.ш. 43°41'34 в.д. 51°12'17)

Общественные слушания состоятся 1 июня 2026 года в 15:00 по адресу: Мангистауский область, Мунайлинский район, с.о. Батыр, село Батыр, Емір м-н, 6-я улица, 44Б. Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRc3crQWpndz09&omn=85031683856>

Идентификатор конференции: 401 430 4885 Код доступа: jJfwV1.

Инициатор: ТОО "545 GROUP", 130600, Республика Казахстан, Мангистауская область, Мунайлинский район, Баяндынский с.о., с.Баянды, улица Достык, дом

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе к., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99-пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-munayli?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, g.tulembet@mangystau.gov.kz, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1-ғимарат мекенжайы бойынша қабылдайды. Тел: 8 (7292) 46-21-31

№19/2, 240440036360, Айтымова Камиляш Маратовна, 87753582266, Kzconstruction24@mail.ru

Реквизиты разработчика проектных документаций: ТОО «Projects World ECO Group», БИН 160340009675, РК, г.Ақтөбе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-munayli?lang=ru>

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел: +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, g.tulembet@mangystau.gov.kz, по адресу: Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, город Ақтау, 14 микрорайон, 1 здание. Тел: 8 (7292) 46-21-31

МАМАН КЕҢЕСІ

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 19-25 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА «ВАКЦИНАЛАР ӨРБІР ҰРПАҚ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ» ҰРАНЫМЕН ЕУРОПАЛЫҚ ИММУНДАУ АПТАСЫ ӨТТІ. БҰЛ ЕУРОПАЛЫҚ ИММУНДАУ АПТАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ– ИММУНДАУДЫҢ АДАМДАРДЫ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАУДАҒЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСАТЫН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ТҮСІНДІРУ, ТҮРҒЫНДАРҒА ИММУНДАУДЫҢ ҚАУПСІЗДІГІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН НАСИХАТТАУ, ХАЛЫҚТЫ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДА ИММУНДАУДЫҢ ПАЙДАСЫ, ҚАУПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ.

ВАКЦИНАЛАР әрбір ұрпақ үшін жұмыс істейді



Сонымен қатар, вакцинацияға деген сенімділікті арттыру, мотивацияны күшейту, медициналық қызметкерлерді қолдау. Осыған орай, аудандағы барлық медициналық ұйымдарда Еуропалық иммундау аптасы аясында медицина қызметкерлері тарапынан тұрғындарға екпе туралы толық ақпарат беріліп, екпе алмаған тұрғындарды анықтап, оларды екпемен камту жұмыстары жүргізілуде.

Вакцинация – медицина тарихындағы ең қуатты құралдардың бірі болып, соңғы жарты ғасырда вакциналар 150 миллионнан астам адамның өмірін сақтап қалды. Вакцинацияны таңдау сәби өлімін 40%-ға төмендетуге және

ондаған миллион баланы мүгедектіктен сақтауға мүмкіндік берді. Бұл өздігінен болған жоқ, бұл – жақындарын қорғау үшін қабылданған миллиондаған адамдардың саналы шешімдерінің және қызылша, дифтерия, көкжөтел және полиомиелит сияқты ауруларсыз болашақты таңдаған бірнеше ұрпақтың шешімінің нәтижесі. Бұл көрсеткіштердің артында жанқияр медицина қызметкерлері, жауапты ата-аналар және тұтас қоғамдас-тықтар тұр.

Ләззат ДЖУМАҒАЛИЕВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

МҰРАҒЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Кенганава Ақдры Бектурдиевна, 2026 жылы 17 қаңтарда қайтыс болған **ӘРМУХАМЕДОВ ХУДЖАМУРАДТЫҢ** мұрагерлеріне іздеу салады.

Мұрагерлер хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14-құртал, 5/2-учаске, бизнес орталығы мекенжайы бойынша нотариус кеңсесіне хабарласуын сұрайды.

Нотариус Туленова Гүлжанар Жақсыбековна, 2025 жылы 27 қазанда қайтыс болған **НҮРЖИГИТОВ ЖУМАБАЙ ПАШАНОВИЧТИҢ** мұрагерлерін іздестіреді.

Мұрагерлер хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекенжай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласу сұралады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14-орам, 2/3 ғимарат.

Маңғыстау аумақтық нотариаттық округі, Мұнайлы ауданы нотариусы Исабаев Қанатбай Назарұлы, 2025 жылы 6 қазанда қайтыс болған азамат **ЖОВКАШДЫЕВ БАЗАРБАЙДЫҢ** мұрагерлеріне іздеу салады.

Мұрагерлерге хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 9-құртал, №22-учаске, ЦОН-ға қарсы нотариус кеңсесіне хабарласуын өтінеміз.

Нотариус Туленова Гүлжанар Жақсыбековна, 2025 жылы 7 мамырда қайтыс болған **ТУЛЯЕВА АҚБИЛЕКТИҢ** мұрагерлерін іздестіреді.

Мұрагерлер хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай мерзімде келесі мекенжай бойынша орналасқан нотариалды кеңсеге хабарласу сұралады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14-орам, 2/3 ғимарат.

Меншік иесі:



MANGYSTAU MEDIA ЖШС

Директор –
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел.факс: 20-48-34
mangystau.media@mail.ru



МҰНАЙЛЫ

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13358-Г куәлігі берілген.

Редактор – **Мұрат ЖТЕКБАЙ.**

Тілшілер: **Ту-Бегі АБЫЛАЙ,**

Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.

Жетекші – **Гүлнара ТАСБОЛАТОВА.**

Беттеуші дизайнер: **Ш.Теңізбай.**

«Neon City» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
22-шағын аудан,
38/3.



Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Тапсырыс: 23
Таралымы: 706. Индекс: 66553.
Газеттің бағасы келісімді.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

28 сәуір түнде: +11 күндіз: +17

29 сәуір түнде: +10 күндіз: +13

30 сәуір түнде: +10 күндіз: +17

1 мамыр түнде: +9 күндіз: +17

2 мамыр түнде: +10 күндіз: +18